

Халықтың паллиативтік көмек және мейірбике күтімі көрсетілуі тиіс санаттарының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 96 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 30 наурызда № 10576 тіркелді

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 34-бабының 2-тармағының б) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Халықтың паллиативтік көмек және мейірбике күтімі көрсетілуі тиіс санаттарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде мерзімдік баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр *Т. Дүйсенова*
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 25 ақпандағы
№ 96 бұйрығымен
бекітілген

Халықтың паллиативтік көмек және мейірбике күтімі көрсетілуі тиіс санаттарының тізбесі

1. Паллиативтік көмек:
1) мыналармен:

диспансерлік бақылаудағы қатерлі ісіктің ауруының IV клиникалық сатысынан; жүргізілген мамандандырылған емнен кейін жағдайын дәрілік түзетуді қажет ететін , қ а т е р л і і с і к а у р у ы н а н ; соңғы сатыдағы күшейген созылмалы аурулардан (жүрек, өкпе, бауыр, бүйрек функцияларының жетіспеушілігінің декомпенсация сатысы); диспансерлік есептың 1Г тобы бойынша диспансерлік бақылауда тұрған туберкулез ауруынан зардап шегетін адамдарға; жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының 3-4 сатысынан;

- 2) балаларға, жүргізілген айрықша терапия (химиотерапия, сәулелік терапия және хирургиялық ем) аясында, қатерлі ісіктердің күшеюі кезінде;
- 3) Лейкоздан зардап шегетін балаларға жүргізілген химиотерапияның (химиорезистенттік) аясында ауру күшейген кезде көрсетіледі.

2 . М е й і р б и к е к ү т і м і :

- 1) осы тізбенің 1-тармағында көрсетілген адамдарға;
- 2) бастап өткерген аурудың салдарынан өмірлік маңызды әлеуметтік-тұрмыстық функцияларды қамтамасыз етуде өзіне өзі толық немесе ішінара қызмет көрсетуге қабілетсіз, тұрақты басқа адамның күтімін, көмегін немесе қарауын қажет ететін, басқа адамға үнемі тәуелді адамдарға көрсетіледі.